

«География» пәні бойынша тест спецификациясы

1. Тест мақсаты

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы филиалдарында (бұдан әрі – ДББҰ) «география мұғалімі» бос қызмет орынына конкурс өткізу барысында «География» пәні бойынша білім, білік және дағдыларын бағалау.

2. Тестілеу өткізуге негіз болатын нормативті құжаттар

2023 жылдың 10-тамызында ДББҰ Басқармасы шешімімен бекітілген (№37 Хаттама) білім беру қызметін жүзеге асыратын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы филиалдарының бос лауазымдарына орналастыруға конкурс өткізу және педагогтердің кадр резервін қалыптастыру Ережесі.

3. Тест тапсырмаларының мазмұнын анықтайтын құжаттар:

1. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
2. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
3. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
4. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «География» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
5. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «География» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
6. 5B011600 - География мамандығының білім беру бағдарламасы.

4. Ұсынылатын әдебиет

1. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі бекіткен Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі.
2. 2005 жылдан кейін шығарылған жоғары оқу орындарына арналған мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі әдебиеттер мен ресурстар.

5. Тест тапсырмаларының мазмұны:

№	Бөлім	1 модуль	2 модуль	3 модуль	Барлығы
1	Географиялық зерттеу әдістері. Картография және географиялық деректер базасы	1	1	-	2
2	Физикалық география және табиғи-аумақтық кешендер	8	1	1	10
3	Әлеуметтік география	2	1	-	3
4	Экономикалық география	2	1	1	4
5	Геосаясат	-	-	1	1
6	Елтану (саяси география)	2	1	1	4
7	Табиғатты пайдалану және геоэкология. Адамзаттың ғаламдық проблемалары	-	-	1	1
	Барлығы	15	5	5	25

6. Тест құрылымы, бағалау және ұзақтығы:

Тест бес мүмкін нұсқадан бір дұрыс жауабы бар 25 тест тапсырмасынан тұрады. Тест үш модульден тұрады:

Модуль	Сипаттама
1-модуль (базалық деңгей)	Жалпы білім беретін мектептер үшін география бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының, жоғары оқу орындарының география бойынша педагогикалық мамандықтарының білім беру бағдарламаларына сәйкес базалық деңгейдегі тапсырмалар.
2-модуль (ілгері деңгей)	Жалпы білім беретін мектептер үшін жаратылыстану-математикалық бағытындағы география бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына, жоғары оқу орындарының география бойынша педагогикалық мамандықтарының білім беру бағдарламаларына сәйкес ілгері деңгейдегі тапсырмалар.
3-модуль (жоғары деңгей)	Жалпы білім беретін мектептер үшін жаратылыстану-математикалық бағытындағы география бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына, география бойынша жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтарының білім беру бағдарламаларына сәйкес келетін күрделілігі жоғары деңгейдегі тапсырмалар, олимпиадалық есептер (тестілеу уақытын ескере отырып).

«Географиялық зерттеу әдістері және картография және географиялық деректер базасы» бөлімінде

Жергілікті жердің планы мен шартты белгілерін анықтайды. Бағдарлау. Азимут. Масштаб және оның түрлері, координаталар, проекция түрлері, географиялық, картографиялық зерттеу әдістері, ГАЗ, саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесі, географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау қарастырылған. Сонымен бірге жергілікті жердің планы сызу мен шартты белгілерді оқу, азимуттық бағдарларды анықтау, картаның масштаб түрлері туралы мазмұндар ұсынылады.

«Физикалық география және табиғи-аумақтық кешендер» бөлімінде

Литосфера, гидросфера, атмосфера, және биосфералар бойынша жердің қыртысы, құрылымы, табиғат байлықтары, өзен су және тіршілік көздері мен табиғат зоналары, қорықтар геохронологиялық пайда болулар, табиғат кешендер, антропогендік ландшафттарды жақсарту жолдарын ұсынады (рекультивация, мелиорация ландшафтық дизайн), Қазақстанның физика-географиялық жағдайы, географиялық есептер мазмұны ұсынылады.

«Әлеуметтік география» бөлімінде

Дүниежүзінің халқы, оның құрамы, құрылымы, қала және ауыл халқы, халық қозғалысы ішкі, сыртқы көші-қон қозғалысы беріледі. Сонымен қатар тіршілік құрушы ұлттар мен нәсілдер, олардың өмір сүру деңгейі мен сапасы, қоныстанудағы халықтық тығыздығы, оның жер шарындағы біркелкі таралмауының себептері мен салдарлары және табиғи өсім, өлім мен туудың динамикасы қарастырылады.

«Экономикалық география» бөлімінде

Табиғи ресурстар бойынша кен орындарының таралуы, оның ерекшелігі, дүниежүзінің табиғат ресурстары мен потенциалы, оны тиімді пайдалану қарастырылған. Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері бойынша халықаралық экономикалық қатынастар, валютаның түрлері, қызметтерін, халықты жұмыспен қамту құрылымы мен негізгі экспортаушы елдер туралы ұсынылады. Сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық ресурстар көлік кешені түрлері, байланыс және телекоммуникация қызметінің маңыздылығы, инфрақұрылымы қарастырылған. Дүние жүзі шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымында ҚР экономикасының дамуы туралы түсіну, экономикалық байланыстардың түрлері, ТМД елдері, ауыл шаруашылығы, дүниежүзінің шаруашылығы мен шаруашылықтың салалық құрылымы туралы мазмұндар беріледі.

«Геосаясат» бөлімінде

Геосаясат, дүниежүзінің геосаяси кеңістігін талдап, геосаясаттағы факторларға баға беріп, геосаяси үрдістерді түсіндіреді. Мемлекеттің аумақтық морфологиялық ерекшеліктерін талдап, геосаяси қауіпсіздік, мемлекеттік шекаралардың функцияларын, қалыптасу үдерісін талдап, Қазақстанның дүниежүзі елдері және ұйымдарымен байланыстарын күшейту жөнінде ұсыныстар әзірлейді.

«Елтану(саяси география)» бөлімінде

Дүниежүзі елдері бойынша елдердің тарихи-географиялық аймақтарға бөлінуі, елдердің даму деңгейі, халықаралық ұйымдары, мемлекеттердің құрылымы мен елдердің географиялық орны, басқару формалары қарастырылады. Сонымен қатар, елдердің басқару формалары мен әкімшілік – аумақтық бөлінісі, ғаламдық мәселелер, ғаламдық мәселелер және оны шешудегі әлем елдері мен Қазақстанның ролі, дүние жүзіндегі ұйымдар және олардың түрлері мен жіктелуі жоғары деңгей тапсырмаларында беріледі.

«Табиғатты пайдалану және геоэкология. Адамзаттың ғаламдық проблемалары» бөлімінде

Табиғатты пайдаланудың қажеттілігін түсіндіріп, табиғатты пайдаланудың тиімділігін арттыру, экологиялық із, геосфераның ластану деңгейін, антропогендік өзгерістерді, ластану деңгейі бойынша аудандастырып, ғаламдық экологиялық проблемаларды, Қазақстан аумағын экологиялық тұрғыда аудандастырып, қоршаған ортаның сапасын арттыру жөніндегі ұсыныстар келтіріліп, тұрақты дамуды талдап, ғаламдық мәселелер және оны шешудегі әлем елдері мен Қазақстанның рөлін, ғаламдық мәселені шешудегі дүние жүзіндегі ұйымдар және олардың түрлері мен жіктелуін анықтайды.

Тест орындау уақыты – **40 минут.**

Педагогикалық өлшеулер орталығы тестілеу нәтижелерін өңдеуді әр тапсырманың күрделілік деңгейін анықтайтын және теңестірілген ұпай бойынша тестінің қорытынды ұпайындағы үлесін есептейтін автоматтандырылған статистикалық және психометрикалық талдау арқылы жүзеге асырады. Бұл тәсіл нәтижелерді объективті және шынайы бағалауды қамтамасыз ететіндіктен **апелляция жүргізілмейді.**

Тестіден өту үшін шекті деңгей максималды балдың **60%** құрайды.